

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын ауыл шаруашылығы дақылдарды егісінің басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 14 мамырдағы № 226 қаулысы. Қостанай облысы Меңдіқара ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 3 маусымда № 9-15-128 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына және "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңының 5-бабының 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Меңдіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын ауыл шаруашылығы дақылдары егісінің басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері б е л г і л е н с і н :

- 1) астық дақылдарының егісі 14 мамырдан бастап 5 маусымға дейін;
- 2) майлы дақылдардың егісі 15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.А. С о қ ы т б а е в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Жақыпов